

Қамқоршылық кеңестің №5 отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 13.05.21 жыл.

Өткізілген уақыты: 18.00,

Өткізілген орны: Zoom

Қатысқандар:

1. Булатова Арайлым Куанышкалиевна – кеңес төрайымы

Мүшелері:

2. Ракишев Мереке Самигуллиевич
3. Уразғалиев Султанбек Сайынұлы
4. Қаташева Гульнара Каиржановна
5. Жамалиева Агилаш Маратовна
6. Картмағамбетова Майя Махамбетовна
7. Мухамбетова Айгул Бекетовна
8. Утешев Мадияр Амангельдиевич

Себепті:

9. Бакимова Назгуль Сериковна

Шақырылғандар:

Мектеп-лицей директоры: Ж.М.Шонбаев.

Күн тәртібінде:

1. «Лицейдің үздік педагогі - 2021», «Лицейдің үздік шәкірті - 2021» және пән бойынша «Лицей үздігі - 2021» атағын беру ережесімен таныстырып, үздіктерді ынталандыруды шешу;
2. Ағымдағы мәселелер.

1-мәселе

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы А.К.Булатова:

Өткен отырыстың шешімімен білімі бойынша лицейдің үздіктерін анықтау үшін мектеп-лицей директоры, директордың әдістемелік орынбасарымен бірлесіп арнайы ереже қабылданып, үздіктерді анықтау тәртібі мен марапаттау жөнінде келісілді.

Сөз алды:

Мектеп-лицей директоры Ж.М.Шонбаев:

- Ережеге сай 9-11 сынып оқушыларының 2020-2021 оқу жылындағы облыстық, республикалық және халқаралық дәрежедегі сайстарда жеткен жетістіктерін ескере отырып, жүлдегерлер арасынан бір оқушы тандап алынды.

«Лицейдің үздік педагогі - 2021» - Орынбасарова Эльмира Орынбасаровна;

«Лицейдің үздік шәкірті - 2021» Қадырболат Ринат;

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша лицейдің үздігі-2021 - Мұрат Камила;
Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша лицейдің үздігі-2021- Адилова Аружан
Қазақстан тарихы пәні бойынша лицейдің үздігі-2021- Серік Мәдина,
Тналиева Гаухар;
Математика пәні бойынша лицей үздігі-2021- Қадырболат Ринат;
Физика пәні бойынша лицейдің үздігі-2021- Сагинғали Баянсулу;
Информатика пәні бойынша лицейдің үздігі-2021 - Аманғалиев Ернар,
Курманғалиев Данияр болып танылды.

Сөз алды:

Утешев Мадияр Амангельдиевич:
- Анықталған «Лицей үздіктерін» ережеге сай оқушыларды ынталандырып,
естелік сыйлықтармен марапаттауға қамқоршылық кеңес мүшелерінің үлесін
қосуға және жыл қорытындысы бойынша үздіктерді марапаттауды дәстүрлі
үрдіске айналдыруды ұсынамын.

2- мәселе

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі ағымдағы мәселе бойынша А.Б. Мухамбетова
сөз алып мектеп-лицей ғимаратының орнына кең ғимаратқа сұраныс беру
туралы сөз етті. Мектеп-лицейде қабілетті оқушылар білім алуда,
лицейдің жетіп жатырған жетістіктері де аз емес. Кең көлемді, стандартқа
сай салынған мектептен шағын мектеп ғимаратына келген кезде
айырмашылық байқалады. Асхана, дәліздердің тарлығы оқушыларға
қолайсыздық тудырады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінен осы мәселге
көңіл бөлуді сұраймын.

Сөз алды:

2. Г.К.Каташева: - Мектеп ғимаратының тарлығы туралы пікіріңізбен
келісемін. Сынып бөлмелерінің дұрыс орналаспауы да оқу процесіне
өзіндік кедергісін тигізеді деп ойлаймын.

Аталған мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшелері ата-аналар
комитетімен кеңесіп, тиісті орындарға хат жолдау арқылы мектеп-лицей
оқушыларына қолайлы жабдықталған ғимаратқа сұраныс түсіру туралы
шешімге келді.

Кеңес мүшелері күн тәртібінде белгіленген мәселелер бойынша
сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Соңғы қоңырау» салтанатты жиынында анықталған «Мектеп-лицей
үздіктері» марапатталсын;
2. № 41 мектеп-лицейіне жаңа ғимаратқа сұраныс беру қолға алынсын.

Төрайым:  А.К.Булатова

Хатшы:  С.С.Тәжен